

**Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**  
*(2025.31.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)*

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен кіріспе өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

Осы Заң 1930 жылғы 7 маусымдағы Аударым және жай вексельдер туралы бірыңғай заңды белгілейтін конвенцияға, Аударым және жай вексельдер туралы заңдардың кейбір үйлеспеушіліктерін шешу мақсатын көздейтін конвенция мен Аударым және жай вексельдерге қатысты елтаңба алымы жөніндегі конвенцияға сәйкес Қазақстан Республикасындағы вексель айналысын реттейді және төлем құралы мен несие қаражаты ретінде вексельдің қызметін белгілейді.

Қазақстан Республикасында вексельдердің айналысына байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) аударым вексельдеріне және жай коммерциялық вексельдерге қойылатын талаптарды белгілеу;
- 2) Қазақстан Республикасында вексельдер айналысының тәртібін айқындау;
- 3) қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін вексельді қолдануды реттеу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексель айналысы саласындағы қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық;
- 3) заң алдында барлығының теңдігін қамтамасыз ету, вексельдік құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

*ҚР 24.12.01 ж. № 276-11 Заңымен ұғымдар толықтырылды; ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) ұғымдар өзгертілді*

Осы Заңда қолданылатын ұғымдар

**Аваль** - вексель кепілдігі, соған орай оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель жөніндегі төлемді жасауға (толық немесе бір бөлігін) өзіне міндеттеме қабылдайды.

**Авальшы** - аваль беруші тұлға.

**Акцепт** - вексель төлеміне берілетін жазбаша келісім.

**Аллонж** - индоссаменттер жасау үшін вексельге қосымша парақ.

**Қола вексель** - ойдан шығарылған тұлғаға жазылған вексель.

**Вексель валютасы** - вексельдің сомасы көрсетілген ақша бірлігі.

**Вексель беруші** - вексель берген заңды немесе жеке тұлға.

**Вексель ұстаушы** - вексельде көрсетілген ақша сомасын алуға құқығы бар вексель иесі.

**Вексель** - біржақты сөзсіз ақшалай міндеттемені білдіретін қатаң белгіленген нысандағы төлем құжаты.

**Вексель қағазы** - белгілі бір қорғалу дәрежесі бар және оған вексель жасауға арналған елтаңбалы қағаздың бір түрі.

**Грациялық күн** - вексельде белгіленген төлем мерзімі ұзартылатын жеңілдік берілген күн.

**Дисконт** - төлем мерзімі басталғанға дейін вексельдерді есепке алу кезінде алынатын процент.

**Домицияландырылған вексель** - үшінші тұлға төлеушінің атынан және соның есебінен төлеушінің тұрғылықты жерінен өзге жерде төлеуге тиіс вексель, бұл жайында вексельдің өзінде көрсетіледі.

**Достық вексельдері** - вексель берушінің ол бойынша төлем жасау ниетінсіз, осы вексельдерді екінші деңгейдегі банктерде өзара есепке алу арқылы ақша қарастыру мақсатымен ғана тұлғалар бір-біріне беретін вексельдер.

**Индоссамент** - вексель сыртындағы немесе аллонждағы табыстау жазбасы, бұл осы вексель бойынша иелену құқығының басқа тұлғаға берілгенін куәландырады.

**Индоссант** - вексельді табыстаушы тұлға.

**Индоссат** - табыстау жазбасы бойынша вексель арнайы аударылатын тұлға.

**Коммерциялық вексель** - сатып алу-сату, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету (қаржылық қызметтер көрсетуді қоспағанда) шарттарының негізінде берілген вексель.

**Куртаж** - вексельмен мәміле жасалған кезде делдалға төленетін сыйақы.

**Тұрғылықты жері** - жеке тұлғаның тұрғылықты жері (почта мекенжайы) немесе заңды тұлғаның орналасқан жері (почта мекен-жайы).

**«Бұйрыққа емес»** - вексель беруші вексельге енгізетін анықтама, бұл индоссамент арқылы вексель беруге тыйым салуды білдіреді.

**«Шығынсыз айналым», «наразылықсыз»** - вексель ұстаушының, индоссанттың, авальшының вексель мәтініне қосқан, вексель ұстаушыны вексель берушінің төлемегені немесе акцепт жасамағаны үшін вексель наразылығын білдіруден босататын ескертпе.

**Вексель бойынша міндетті тұлғалар** - вексельді төлеу талап етілуі мүмкін тұлғалар: вексель беруші, индоссант, төлеуші, акцептант, авальшы.

**Аударым векселі (тратта)** - вексель берушінің (трассанттың) үшінші тұлғаға (трасстка) бірінші вексель ұстаушының (ремитенттің) немесе оның бұйрығы бойынша алдағы белгілі бір уақытта не ұсынуы бойынша төлейтін вексельде көрсетілген ақша сомасының ешнәрсеге негізделмеген ұсынысы (бұйрығы) бар вексель.

**Сенім индоссаменті** - вексельге вексель ұстаушы жазған және индоссант белгілеген шекте вексель бойынша кейбір құқықтарды көшіру мақсатындағы жазба.

**Жай вексель (соло)** - вексель берушінің вексель ұстаушыға талап ету бойынша немесе алдағы белгілі бір уақытта төлейтін вексельде көрсетілген ақша сомасының ешнәрсеге негізделмеген міндеттемесі жазылған вексель.

**Вексель наразылығы** - акцептің күні көрсетілмегенін не акцептен немесе төлем төлеуден бас тартуды куәландыратын жазбаша акт.

**Регресс** - акцептелмеген немесе төленбеген вексель бойынша кері талап ету.

**Рекамбио** - вексельді төлеген тұлғаның вексель бойынша міндетті тұлғалардың біріне вексель (кері тратта) түрінде ресімделуі мүмкін талабы. Рекамбиоға наразылық білдіруіне байланысты төленген вексель сомасы, процент, өсім, шығындар кіруі мүмкін.

**Римесса** - борышкердің үшінші тұлғадан ұлттық валютаға сатып алатын және өзінің шетелдік несие берушісінің алдындағы берешегін өтеу үшін оған жіберетін шетелдік валюта түріндегі аударым векселі.

**Есеп кеңсесі** - есеп операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - банк).

**Қаржы векселі** - ақша тарту мақсатында, сондай-ақ қаржылық қызмет көрсету туралы мәмілелер негізінде берілген вексель.

**Цессия** - азаматтық заңдарға сәйкес міндеттемедегі талаптарды азайту.

## I бөлім

### Аударым вексельдері мен жай вексельдер туралы

#### I тарау. Аударым векселін жасау және оның нысаны туралы

##### 1-бап

Аударым векселінде мыналар болуға тиіс:

- 1) құжат мәтінінің өзіне енгізілген және осы құжат жасалған тілде айтылған «вексель» атауы;
- 2) белгілі бір ақша сомасын төлеуге ешқандай шарт қойылмаған бұйрық;
- 3) төлем төлеуге тиіс тұлғаның (төлеушінің) атауы;
- 4) төлем мерзімін көрсету;
- 5) төлем жасалуға тиіс орынды көрсету;
- 6) кімге немесе кімнің бұйрығымен төлем төленуге тиіс тұлғаның атауы;
- 7) вексель жасалатын уақыт пен орынды көрсету;
- 8) вексель беретін тұлғаның (вексель берушінің) қолы.

## **2-бап**

Алдыңғы бапта аталған талаптардың біреуі жоқ құжаттың аударым вексельдік күші болмайды, бұған төмендегі азатжолдарда белгіленген жағдайлар қосылмайды.

Төлеу мерзімі көрсетілмеген аударым векселі талап ету бойынша төленуге тиіс вексель ретінде қарастырылады.

Арнайы көрсету болмаған ретте төлеушінің атауымен қатар белгіленген орын төлем орны және сонымен бірге төлеушінің тұрғылықты жері болып есептеледі.

Жасалған орны көрсетілмеген аударым векселі вексель берушінің атауымен қатар көрсетілген орында қол қойылған деп танылады.

## **3-бап**

Аударым векселі вексель берушінің бұйрығымен ақы төленуге тиіс деп берілуі мүмкін.

Ол вексель берушінің өзіне берілуі мүмкін.

Ол үшінші тұлғаның есебінен берілуі мүмкін.

## **4-бап**

Аударым векселі үшінші тұлғаның тұрғылықты жерінде немесе төлеушінің тұрғылықты жерінде немесе басқа бір жерде төленуге тиіс болуы мүмкін.

## **5-бап**

Ұсынылған мерзімде немесе ұсынылғаннан кейін белгілі бір уақытта төленуге тиісті аударым векселінде вексель беруші вексель сомасына процент есептеуге шарт қоя алады. Мұнан басқа аударым вексельдерінде мұндай шарт жазылмаған деп есептеледі.

Вексельде проценттік ставка көрсетілуге тиіс; мұндай нұсқау болмаған жағдайда, шарт жазылмаған деп есептеледі.

Егер де басқа күн көрсетілмесе, проценттер аударым векселі жасалған күннен бастап есептеледі.

## **6-бап**

Егер аударым векселіндегі сома жазбаша да, цифрмен де жазылса, бұл жазбалардың арасында қайшылықтар болған жағдайда вексель жазбаша көрсетілген сомада күшінде болады.

Егер аударым векселінде сома жазбаша түрде не цифрмен бірнеше рет көрсетілсе, бұл жазбалардың арасында қайшылықтар болған жағдайда вексель тек аз сомаға ғана күшінде болады.

## **7-бап**

Егер аударым векселінде аударым векселі бойынша міндетті бола алмайтын тұлғаның қолы, жалған қолдар немесе ойдан шығарылған адамдардың қолдары болса, немесе оған

қол қойғандарды барлық басқа негізде міндеттей алмайтын, немесе біреудің атынан қол қойылса, басқалардың қойған қолдары дегенмен де күшін жоймайды.

Вексельге қойылмаған қолдың орыны аударым векселіне өз қолын қойып куәландырушы адамның еркін білдіретін ресми түрде куәландырып жазған өтініші арқылы ғана толтырылуы мүмкін.

### **8-бап**

Тұлға атынан іс-әрекет жасауға уәкілдік берілмеген, тұлғаның өкілі ретінде аударма векселіне қол қойған әрбір адам вексель бойынша тарап ретінде міндетті болады және, егер ол вексельді төлеген болса, өкіл ретінде көрсетілген адамның құқығындай құқықтарға ие болады. Өзінің өкілеттігін асыра пайдаланған өкіл де дәл осындай жағдайда болады.

### **9-бап**

Вексель беруші акцепт үшін де, төлем үшін де жауап береді.

Оның өзіне акцепт үшін жауапкершілік алмауына болады; оның төлем үшін жауапкершілікті алмауының әрбір жағдайы жазылмаған деп саналады.

## **2-тарау. Индоссамент туралы**

### **10-бап**

Әрбір аударым векселі, тіпті ол бұйрық туралы нұсқаусыз берілсе де, индоссамент арқылы берілуі мүмкін.

Егер вексель беруші аударым векселінде «бұйрыққа емес» деген сөзді немесе қандай да бір соған тең мағынадағы сөзді жазатын болса, құжатты нысаны ғана сақталып және жай цессия нәтижелерімен берілуі мүмкін.

Төлемші вексельді акцептегеніне немесе акцептемегеніне де қарамастан, тіпті соның пайдасына немесе вексель берушінің пайдасына не вексель бойынша міндетті қандай да бір басқа тұлғаның пайдасына индоссамент жасалуы мүмкін. Бұл тұлғалар өз кезегінде вексельді индоссация жасай алады.

### **11-бап**

Индоссамент жай және ешқандай шарт қойылмаған болуға тиіс. Оны шектейтін шарттың кез-келгені жазылмаған деп есептеледі.

Ішінара индоссамент жарамсыз болады.

Индоссамент көрсетушіге бланктік индоссамент күшінде болады.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен 12-бап өзгертілді (бұр.ред. қара)*

### **12-бап**

Индоссамент аударым векселіне немесе соған қосымша параққа (аллонжға) жазылуға тиіс. Оған индоссант қол қоюға тиіс.

Индоссамент өз пайдасына индоссамент жазылған тұлғаның нұсқауы көрсетілмеуі мүмкін немесе онда бір индоссанттың ғана қойған қолы болуы тиіс (бланктік индоссамент). Бұл соңғы жағдайда индоссамент өз күшінде болуы үшін ол аударым векселінің сырт жағына немесе аллонжға жазылуға тиіс.

### **13-бап**

Индоссаментке аударым векселінен туындайтын барлық құқық беріледі. Егер индоссамент бланктік индоссамент болса, вексель ұстаушы:

1) бланкті не өзінің атынан немесе басқа бір тұлғаның атынан толтыра алады;

2) өз кезегінде вексельді бланк арқылы немесе қандай да басқа бір тұлғаның атына индоссациялай алады;

3) вексельді бланк толтырмастан және индоссамент жасамастан үшінші тұлғаға бере алады.

#### **14-бап**

Егер қандай да бір кері шарт қойылмаса, индоссант акцепт үшін және төлем үшін жауап береді.

Ол бұдан кейінгі индоссаментке тыйым салуы мүмкін: мұндай жағдайда ол бұдан кейін пайдасына вексель индоссацияланған тұлғалардың алдында жауап бермейді.

#### **15-бап**

Аударым векселі кімнің қолында болса, тіпті соңғы индоссамент бланкті индоссамент болғанның өзінде, егер ол өз құқығын индоссаменттердің үздіксіз қатарына негіздей алса, сол тұлға заңды вексель ұстаушы деп қарастырылады. Бұл орайда сызылып тасталған индоссаменттер жазылмаған болып есептеледі. Бланктік индоссаменттен кейін басқа индоссамент болған кезде, соңғысына қол қойған тұлға бланктік индоссамент бойынша вексельді сатып алған деп есептеледі.

Егер кімде-кім әлде нендей бір кездейсоқ жағдайларда вексель иелігінен айрылса, қолында векселі бар, өз құқығын бұдан бұрынғы азатжолда көрсетілген тәртіппен негіздейтін тұлға вексельді дұрыс алмаған немесе оны сатып алғанда өрескел абайсыздық жасаған жағдайда ғана оны қайтаруға міндетті.

#### **16-бап**

Аударым векселі бойынша талап қойылған тұлғалар, егер вексель ұстаушы вексель сатып алғанда борышкерге саналы түрде зиян келтірмеген болса, вексель берушіге немесе алдыңғы вексель ұстаушыларға жеке қатынастарына негізделген қарсылықты вексель ұстаушыға қарсы қоя алмайды.

#### **17-бап**

Егер индоссаменттің «валюта алуға», «инкассаға», «сенім білдірілген ретінде» деген ескертпесі немесе жай тапсырманы білдіретін қандай да бір өзге ескертпесі болса, вексель ұстаушы аударым векселінен туындайтын барлық құқықтарды жүзеге асыра алады, бірақ оны ол қайта тапсыру тәртібімен ғана индоссациялай алады.

Мұндай жағдайда міндетті тұлғалар вексель ұстаушыға қарсы тек индоссантқа ғана қарсы қоятындай наразылық мәлімдей алады.

Индоссаментке берілген тапсырма қайта кепілдік берушінің қайтыс болуы немесе оның іс-әрекетке қабілетсіздігіне ұшырауы салдарынан тоқтатылмайды.

#### **18-бап**

Егер индоссаментте «қамтамасыз етілуге тиіс валюта», «кепілдікке берілетін валюта» ескертілсе немесе өзге де кез-келген кепіл түріндегі ескертпе болса, вексель ұстаушы аударым векселінен туындайтын барлық құқықтарды жүзеге асыра алады, бірақ олар қойған индоссаменттің қайта кепілдік беруші индоссамент ретінде ғана күші болады.

Егер тек вексель ұстаушы вексель алғанда борышкерге саналы түрде зиян келтірмеген болса, міндетті тұлғалар индоссантқа өздерінің жеке қатынастарына негізделген қарсылықтарын ұстаушыға қарсы мәлімдей алмайды.

#### **19-бап**

Төлем мерзімінен кейін жасалған индоссаменттің нәтижесі алдыңғы жасалған индоссаменттегі сияқты болады. Алайда төлем төлемеу наразалығынан кейін немесе

наразылық білдіру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін жасалған индоссамент тек қана дағдылы цессия салдарына ие болады.

Керісінше дәлелденбейтін болғандықтан күні көрсетілмеген индоссамент наразылық білдіру үшін белгіленген мерзім өткенге дейін жасалған деп есептеледі.

### **3-тарау. Акцепт туралы**

#### **20-бап**

Төлем мерзімі басталғанға дейін қолында векселі бар вексель ұстаушы немесе тіпті жай адам төлем төлеушіге өзінің тұрғылықты жерінде акцептеу үшін аударым векселін көрсетуіне болады.

#### **21-бап**

Вексель беруші қандай да болсын аударым векселінде мерзімі белгіленген немесе белгіленбеген вексельдің акцептке табыс етілуге тиістілігін шарт етіп қоя алады.

Егер үшінші біреуде төленуге тиіс болатын аударым векселі туралы, немесе төлем төлеушінің тұратын жерінен басқа жерде төленуге тиіс вексель туралы, немесе ұсыну бойынша белгілі бір уақыттан кейін төленетін вексель туралы сөз болып отырмаса, ол вексельде оны акцептке ұсынуға тыйым сала алады.

Ол акцептке белгіленген мерзімнен бұрын орын алуға болмайтынын да шарт етіп қоя алады.

Егер вексель беруші вексельді ғана акцептеуге болмайды деп жарияламаған болса, әрбір индоссат вексель мерзімін белгілеп немесе оны белгілемей вексельді акцептке ұсынуға тиіс екенін шарт етіп қоя алады.

#### **22-бап**

Ұсынудан кейінгі белгілі бір уақытта төленуге тиісті аударым вексельдері берілген күнінен бастап бір жыл ішінде акцептке табыс етілуге тиіс.

Вексель беруші бұл соңғы мерзімді қысқартуы немесе неғұрлым ұзағырақ мерзімді белгілеуі мүмкін.

Индоссанттардың бұл мерзімді қысқартуы мүмкін.

#### **23-бап**

Төлем төлеуші бірінші ұсынудан кейін вексельді келесі күні өзіне қайталап ұсынуды талап ете алады.

Мүдделі адамдар, наразылықта айтылған талап орындалмаған жағдайда ғана ол талаптың орындалмағанына сілтеме жасай алады.

Вексель ұстаушы акцептке ұсынылған вексельді төлем төлеушіге беруге міндетті емес.

#### **24-бап**

Аударым векселінде акцепт белгіленеді. Ол «акцептелген» деген сөзбен немесе басқа бір сондай мағынадағы сөзбен білдіріледі; оған төлем төлеуші қол қояды. Вексельдің бет жағына төлем төлеушінің қойған жай қолы акцепт күшін алады.

Егер вексель ұсынудан кейін белгілі бір уақытта төленуге тиіс болса немесе ерекше жағдайға байланысты белгілі бір мерзімде акцептке ұсынылуға тиіс болса, акцептке оның берілген күні қойылуға тиіс, бұл орайда вексель ұстаушы оның ұсынылатын күнмен көрсетілуін талап етпеуі керек. Күні көрсетілмеген жағдайда вексель ұстаушы индоссанттарға қарсы және вексель берушіге қарсы өзінің регресс құқығын сақтап қалу үшін бұл олқылықты мезгілінде наразылық жасаумен куәландыруға тиіс.

### **25-бап**

Акцепт жай және ешқандай шарт қойылмаған болуға тиіс, алайда төлем төлеуші оны соманың бір бөлігімен шектей алады.

Акцептпен аударым векселінің мазмұнына жасалған қандай да болмасын өзге өзгеріс акцепт жасамаудан бас тартумен бара-бар болады. Алайда акцептант өз акцептінің мазмұнына сәйкес жауап береді.

### **26-бап**

Егер вексель беруші аударым векселінде төлем төлеушінің тұрғылықты жерінен өзге төлем жасайтын жерді көрсетсе, бұл орайда төлем жасалуға тиіс үшінші тұлғаны көрсетпеген болса, төлем төлеуші мұндай тұлғаны акцепт жасалған кезде көрсете алады. Мұндай нұсқау болмаған жағдайда, акцептант төлемді төлем төленетін жерде өзі жасауға міндеттенді деп ұйғарылады.

Егер вексель төлем төлеушінің тұрғылықты жерінде төленуге жататын болса, соңғысы акцепте сол жердегі төлем жасалуы тиіс болатын қандай да бір мекен-жайды көрсете алады.

### **27-бап**

Төлем төлеуші акцепт арқылы аударым векселін мерзімінде төлеуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

Төлем жасалмаған жағдайда, вексель ұстаушы тіпті өзі вексель беруші болса да, акцептантқа қарсы [47](#) және [48-баптарға](#) сәйкес талап қоюға мүмкін болатынның бәріне қатысты, аударым векселіне негізделген тікелей талап қояды.

### **28-бап**

Егер аударым векселіне акцепті туралы жазба жасаған төлем төлеуші оны вексель қайтарылғанға дейін сызып тастаған болса, акцепт жасаудан бас тартылды деп есептеледі. Өзгеше дәлелденбейтін болғандықтан, сызып тастау құжатты қайтарып бергенге дейін жасалған деп есептеледі.

Алайда, егер төлем төлеуші өзінің акцепті туралы вексель ұстаушыға немесе қол қойғандардың әлде біреуіне жазбаша хабарласа, онда өз акцептінің шарттарына сәйкес олардың алдында міндетті болып табылады.

## **4-тарау. Аваль туралы**

### **29-бап**

Аударым вексель бойынша төлем толығымен немесе вексель сомасының бір бөлігінде аваль арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Бұл қамтамасыз етуді үшінші тұлға немесе вексельге қол қойған тұлғалардың бірі береді.

### **30-бап**

Аваль аударым векселінде немесе қосымша парақта беріледі. Аваль берілген жері көрсетіле отырып жеке актімен берілуі мүмкін.

Ол «аваль үшін есептелсін» деген сөздермен немесе соған бара-бар өзге де кез келген тұжырым сөздермен білдіріледі; оған авальды кім берсе, сол қол қояды.

Аваль үшін, егер тек бұған төлем төлеуші немесе вексель беруші қол қоймаған болса, аударым векселінің бет жағына авальшы қойған қолдың өзі жеткілікті.

Авальда, ол кімнің есебінен беріліп отырғаны көрсетілуі тиіс. Мұндай нұсқау болмаған жағдайда, ол вексель берушінің атынан берілген деп есептеледі.

### **31-бап**

Авальшы өзі кімнің атынан аваль берсе, сонымен бірдей жауапты болады.

Оның міндеттемесі тіпті егер ол кепілдік берген міндеттеме нысан кемшілігінен өзге қандай да болмасын негіз бойынша жарамсыз болып шыққан жағдайда да жарамды.

Аударым векселіне төлем жасай отырып, авальшы кім үшін өзі кепілдік берсе, соған қарсы және аударым векселіне байланысты осы соңғысының алдында міндетті болғандарға қарсы аударым векселінен туындайтын құқықтарға ие болады.

## **5-тарау. Төлем мерзімі туралы**

### **32-бап**

Аударым векселі:

ұсынуы бойынша;

ұсынылғаннан кейін белгілі бір уақытта;

жасалғаннан кейін белгілі бір уақытта;

белгілі бір күнде төленуге тиісті болып берілуі мүмкін.

Мерзімнің өзгедей белгіленуін не төлемнің дәйекті мерзімдерін қамтитын аударым вексельдері жарамсыз болады.

### **33-бап**

Мерзімі ұсынылуы бойынша болатын аударым векселі ол ұсынылған кезде төленеді. Ол жасалған күннен бастап бір жыл ішінде төлем жасауға ұсынылуға тиіс. Вексель беруші бұл мерзімді қысқартуы немесе неғұрлым ұзартылған мерзімге белгілеуі мүмкін. Бұл мерзімдерді индоссанттар қысқарта алады.

Вексель беруші мерзімі ұсынылуы бойынша берілген аударым векселін белгіленген мерзімінен бұрын төлемге ұсынылмайтынын белгілей алады. Мұндай жағдайда ұсынылу мерзімі сол белгіленген мерзімнен бастап есептеледі.

### **34-бап**

Аударым векселі бойынша ұсынудан кейін белгілі бір уақытта жасалған төлем мерзімі не акцепт жасалған күнмен, не наразылық білдірілген күнмен анықталады.

Наразылық болмаған жағдайда күні көрсетілмеген акцепт акцептантқа қатысты акцептке ұсынылуы үшін көзделген мерзімнің соңғы күні жасалған деп есептеледі.

### **35-бап**

Жасалғаннан немесе ұсынылуынан бастап бір немесе бірнеше ай мерзімге берілген аударым векселі бойынша төлем мерзімі төлем жасалатын айдың тиісті күні басталады. Бұл айда тиісті күні болмаған жағдайда, төлем мерзімі сол айдың соңғы күні басталады.

Егер аударым векселі жасалғанынан немесе ұсынылғанынан бастап бір жарым айға немесе бірнеше ай жарым мерзімге берілген болса, онда ең алдымен тұтас айлар есептелінуі тиіс.

Егер төлем мерзімі айдың басына, ортасына (қаңтардың ортасы, ақпанның ортасы және т.б.) немесе айдың соңына белгіленген болса, мұны айдың бірі, он бесі немесе соңғы күні деп түсіну керек.

«Сегіз күн» немесе «он бес күн» деген сөздер бір немесе екі аптаны емес, толық сегіз немесе он бес күндік мерзімді білдіреді.

«Жарты ай» деген сөз он бес күндік мерзімді білдіреді.

### **36-бап**

Егер аударым векселі берілген жерден өзге күнтізбе қабылданған әлдебір жерде белгілі бір күні төленуге тиіс болса, онда төлем мерзімі төлем төленетін жердің күнтізбесі бойынша тағайындалған деп есептеледі.

Егер жасағаннан кейін белгілі бір уақытқа қойылған мерзімдегі аударым векселі бойынша берілген жері мен төлем төленетін жерінде түрліше күнтізбелер қолданылатын болса, онда берілген күніне сәйкес келетін төлем төленетін жердің күнтізбесі бойынша тиісті күн белгіленеді және осыған байланысты төлем мерзімі анықталады.

Аударым вексельдерінің ұсынылу мерзімдері бұдан бұрынғы азатжолдағы ережелерге сәйкес есептеледі.

Аударым векселінде егер қандай да болмасын жасалған ескерту немесе тіпті жай ғана құжаттың мазмұнында өзге бір ережелерді қабылдау ниеті білдірілсе, бұл ережелерді қолдануға болмайды.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен 37-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

## **6-тарау. Төлем туралы**

### **37-бап**

Белгілі бір күнге арналған мерзіммен аударым векселін ұстаушы жасалғаннан немесе ұсынылғаннан кейінгі белгілі бір уақыт ішінде аударым векселін ол төленуге тиісті күні, не келесі екі жұмыс күнінің бірінде ұсынуға тиіс.

### **38-бап**

Аударым векселін төлеген кезде төлем төлеуші вексель ұстаушыдан төлемді қабылдағаны туралы оған қолхат табысталуын талап ете алады.

Вексель ұстаушы ішінара төлем қабылдаудан бас тарта алмайды.

Төлем ішінара

төленген жағдайда төлем төлеуші мұндай төлем туралы вексельге белгі қойылып отыруын және ол туралы қолхат беруін талап ете алады.

### **39-бап**

Вексель ұстаушыны аударым векселі бойынша төлемді мерзімінен бұрын қабылдауға мәжбүр етуге болмайды.

Төлемді мерзімінен бұрын жасаған төлем төлеуші оған өз бетінше тәуекел етеді.

Төлемді мерзімінде төлеген адам, егер тек қана оның тарапынан алдау немесе өрескел абайсыздық болмаса, міндеттемелерден босатылады. Ол индоссанттардың қойған қолдарын емес, индоссаменттердің кезекті қатарының дұрыстығын тексеріп отыруға міндетті.

### **40-бап**

Егер аударым векселі төлем төленетін жерде жүрмейтін валютамен жазылып берілсе, онда оның сомасын төлем мерзімі басталған күнгі бағам бойынша жергілікті валютамен төлеуге болады. Егер борышкер төлем жасау мерзімін өткізіп алса, онда вексель ұстаушы өз қалауы бойынша аударым векселінің сомасы жергілікті валютаның бағамымен не төлем мерзімі басталған күнгі, не төлем төленетін күнгі бағаммен төленуін талап ете алады.

Шетел валютасының бағамы төлем төленетін жерде қолданылып жүрген қалыптасқан жағдайларға сәйкес белгіленеді. Алайда вексель беруші төленуге тиісті сома вексельде көрсетілген бағам бойынша есептелетінін ескерте алады.

Егер аударым векселінің сомасы оны берген елдің және төлем төленетін елдің бірдей атаудағы, бірақ түрлі бағамдағы валютасымен көрсетілсе, төлем төленетін жердің валютасы көзделгенін аңғартады.

#### **41-бап**

Аударым векселін [37-баптағы](#) көрсетілген төлем мерзіміне ұсынбаған жағдайда, әрбір борышкер вексель ұстаушының есебінен тәуекелге барып, вексель сомасын заңмен арнайы уәкілеттік берілген тұлғаның депозитіне салуға құқығы бар.

### **7-тарау. Акцепт емес немесе төлем жасалмаған жағдайда талап ету**

#### **42-бап**

Вексель ұстаушы индоссантқа, вексель берушіге және басқа міндетті тұлғаларға қарсы өзінің регресс құқықтарын:

- төлем мерзімі басталғанда;
- төлем жасалмаған болса;
- төлем мерзімі басталмай-ақ;

1) егер акцептен толық немесе ішінара бас тартылса;

2) төлем төлеуші, оның вексельді акцептегеніне немесе акцептемегеніне қарамастан банкрот деп танылған жағдайда, жағдаяты сот арқылы анықталмаса да ол төлем төлеуді тоқтатқан жағдайда немесе оның мүлкінен өндіріп алуды өтіну нәтижесіз болған жағдайда;

3) вексель беруші акцептке жатпайтын вексель бойынша банкрот деп танылған жағдайда жүзеге асыра алады.

Төлем төлеушінің төлемді тоқтату фактісін сот арқылы анықтау тәртібі, сондай-ақ мүлкті өндіріп алуға өтініш жасау тәртібі осы Заңның [94-бабында](#) белгіленген.

Вексель бойынша акцепт пен төлем үшін жауап беретін тұлғаларға кері талапты вексель бойынша төлем мерзімінен кешіктірмей қоюға болады (осы баптың 2 және 3-тармақтары үшін).

#### **43-бап**

Акцептен немесе төлемнен бас тарту - бас тарту фактісін куәландыратын актімен расталуға тиіс (акцепт емес немесе төлем төлемеу наразылығы).

Вексель беруші аударым векселінің өз мәтінінде ресми акт арқылы наразылық жасауды талап еткен жағдайларды қоспағанда, наразылық вексельдің өзінде жасалып және төлем төлеуші қол қойған өтінішпен алмастырылуы мүмкін. Мұндай өтініш наразылық білдіру үшін белгіленген мерзімде жасалуға және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тізілімдемеге енгізуге тиіс. Бұл орайда күні белгіленбеген индоссамент наразылық білдірілгенге дейін қойылған деп есептеледі.

Акцептемеуге наразылық акцептке ұсыну үшін белгіленген мерзімде жасалуға тиіс. Егер [23-баптың](#) бірінші азатжолында көзделген жағдайда, бірінші рет ұсыну мерзімнің соңғы күні орын алса, онда наразылық білдіру келесі күні жасалуы да мүмкін.

Төлем төлемеу наразылығы аударым векселі төленетін күні не келесі екі жұмыс күнінің бірінде жасалуға тиіс.

Акцептемеу наразылығы төлемге ұсынудан және төлем төлемеу наразылығынан босатады.

төлем төлеуші вексельді акцептегеніне немесе акцептемегеніне қарамастан төлемді тоқтатқан жағдайда немесе вексель ұстаушы төлем төлеушінің мүлкінен өндіріп алуға жасаған әрекеті нәтижесіз болған жағдайда, төлем төлеушіге төлеу үшін вексельді

ұсынғаннан кейін және наразылық білдірілгеннен кейін ғана вексель ұстаушы өзіне берілген құқықтарын жүзеге асыра алады.

Төлем төлеуші вексельді акцептегеніне, немесе акцептемегеніне қарамастан, банкрот деп танылған жағдайда, сондай-ақ акцептеуге жатпайтын вексель бойынша вексель беруші банкрот деп танылған жағдайда, вексель ұстаушының өзіне берілген құқықтарын жүзеге асыру үшін сот органдарының оны банкрот деп тану туралы ұйғарымын ұсынуының өзі жеткілікті болады.

#### **44-бап**

Вексель ұстаушы өзінің индоссанты мен вексель берушісін акцептелмегені немесе төлем төленбегені туралы наразылық білдірілген күннен кейінгі төрт жұмыс күні ішінде немесе «шығынсыз айналым» деген ескерту болған жағдайда, ұсынудан кейінгі күні хабардар етуі тиіс. Әрбір индоссант хабарлама алғаннан кейінгі екі жұмыс күні ішінде өздері алған хабарламасымен қатар алдыңғы хабарламаны жолдаушылардың атаулары мен мекен-жайларын, өзінің индоссантына және одан әрі вексель берушіге дейін жеткенше хабарлауға тиіс. Жоғарыда аталған мерзімдер алдыңғы хабарлама алынған сәттен бастап саналады.

Егер аударым векселіне өзінің қолын қойған әлдекімге алдыңғы азатжолға сәйкес хабарлама жіберілетін болса, онда дәл сондай хабарлама сол мерзімде ол үшін аваль берген адамға жіберілуі тиіс.

Егер индоссанттардың біреуі өзінің мекен-жайын көрсетпеген жағдайда немесе анықтап жазбаған жағдайда, оның алдындағы индоссантқа хабарлама жіберілгеннің өзі жеткілікті болады.

Хабарламаны жіберуші адам оны қандай түрде болса да, тіпті аударым векселінің өзін қайтару жолымен де жасай алады.

Ол хабарламаны белгіленген мерзімінде жолдағанын дәлелдеуі тиіс. Егер мазмұнында хабарлама жазылған хат почта арқылы аталған мерзімде жөнелтілген болса, мерзім сақталған деп есептеледі.

Жоғарыда аталған мерзімде хабарламаны кімде-кім жібермесе, ол өз құқығын жоғалтпайды; ол өзінің ұқыпсыздығынан келуі мүмкін зиян үшін жауап береді, алайда өтелетін зиянның мөлшерін аударым векселінің сомасынан арттыруға болмайды.

Акцептемеу немесе төлем төлемеу туралы наразылық білдірілген жағдайда, нотариус вексельдегі бар не наразылық жасалуын талап еткен адамдардан алынған мекен-жайларға сәйкес оларға жазбаша хабарлама жібере отырып, вексель бойынша барлық міндетті тұлғаларды бұл туралы ескертуге міндетті. Мұндай хабарламаның шығындары наразылық жөніндегі шығындарға қосылады.

#### **45-бап**

Вексель беруші, индоссант немесе авальшы құжатқа енгізілген және «шығынсыз айналым», «наразылықсыз» деген ескертуіне немесе соған бара-бар өзге де кез келген ескертулерге қол қойылуы арқылы вексель ұстаушыны акцептемеу немесе төлем төлемеу наразылығы регресін жасау құқықтарын жүзеге асырудан босата алады.

Бұл ескерту вексель ұстаушыны аударым векселін мерзімінде ұсынудан да, мезгілінде хабарлама жіберуден де босатпайды. Келісілген мерзімді сақтамау вексель ұстаушымен дауласқанда бұл жағдаятқа сілтеме жасайтындарға дәлел болады.

Егер ескертуді вексель беруші енгізген болса, онда вексельге қол қойған барлық тұлғаларға оның күші болады; егер оны индоссант немесе авальшы енгізген болса, онда оның күші оның өзіне ғана қолданылады.

Егер вексель берушінің енгізген ескертпесіне қарамай, вексель ұстаушы наразылық білдірсе, онда наразылық бойынша шығындарды оның өзі көретін болады. Егер

ескертпені индоссант немесе авальшы жасаған болса, онда наразылық шығындары, егер ол жасалса өздерінің қолын қойған барлық тұлғалардан талап етілуі мүмкін.

#### **46-бап**

Барлық аударым векселін берушілер, акцептегендер, индоссант ұсынушылар немесе оған аваль қойғандар вексель ұстаушының алдында бірдей міндетті болып табылады.

Вексель ұстаушы барлық осындай тұлғаларға талап қоюға, олардың қабылдаған міндеттерін сақтау ретін бұзуға мәжбүр болмағанмен, әрқайсысына жеке-жеке және барлығына бірге талап қоюға құқылы.

Аударым векселіне қол қойған адамдардың әрқайсысы оны төлегеннен кейін осындай құқықтарға ие бола алады.

Міндетті адамдардың біріне талап қою, тіпті олар алғашқы жауапкерден кейін міндеттенсе де, басқаларға да талап қоюға кедергі бола алмайды.

#### **47-бап**

Вексель ұстаушы өзі талап қоятындардан мыналарды талап ете алады:

1) егер шарт қойылмаса, акцептелмеген немесе төлем төленбеген аударым векселінің сомасын процентімен;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2) вексель төленуге тиісті күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшерінде вексель сомасынан өсім;

3) наразылық білдіру жөніндегі шығындар, хабарлама жолдау жөніндегі шығындар, сондай-ақ басқа да шығындар.

Бұдан басқа, талап қоюшы вексель ұстаушы талап қою сомасына вексель сомасынан алынатын 0,01 % мөлшерінде комиссия жинағын қосуы мүмкін.

Егер талап қою төлем мерзімі басталғанға дейін ұсынылса, онда вексель сомасынан есептік процент ұсталады. Бұл есептік процент вексель ұстаушының тұратын жерінде талап қойылған күнгі қолданымдағы ресми есептеу ставкасына (банк ставкасына) сәйкес есептеледі.

#### **48-бап**

Аударым векселін төлеген адам, өзінің алдында міндетті адамдардан:

1) олардың төлеген барлық сомасын;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2) талапкер вексельді төлеген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшерінде есептелгенде көрсетілген сомадан проценттерді;

3) олардың шекке шығындарын талап ете алады.

Вексельді төлеген және вексель бойынша міндетті адамдарға талап қойған тұлға талап қою сомасына 0,05 % мөлшерінде комиссия жинағын қоса алады.

#### **49-бап**

Талап қойылатын немесе талап қойылуы мүмкін әрбір міндетті тұлға аударым векселін төлеуге қарсы наразылығымен және төлем төлегені жөніндегі қолхатымен бірге өзіне табыс етілуін талап ете алады.

Аударым векселін төлеген әрбір индоссант өзінің индоссаментін және өзінен кейінгі индоссанттарды да сызып тастай алады.

#### **50-бап**

Ішінара акцептегеннен кейін регресі жүзеге асырылған жағдайда, вексельге акцептелмеген соманы төлеуші сол төлем жөнінде вексельде белгі қойылуын және өзіне

сол туралы қолхат берілуін талап ете алады. Вексель ұстаушы мұның үстіне оған вексельдің куәландырылған көшірмесін және келесі регресті жүзеге асыра алуы үшін наразылық актісін беруге міндетті.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен 51-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

### **51-бап**

Талап қою құқығы бар әрбір тұлға, басқаша ескертілмегендіктен, өз алдында жауапты адамдардың біріне ұсынылуы бойынша берілген жаңа вексель (кері тратта) арқылы сол тұлғаның тұратын жері бойынша төлете отырып, төлем ала алады.

Кері траттаға [47](#) және [48-баптарда](#) көрсетілген сомдан басқа кері тратта бойынша куртаж да кіреді.

Егер кері траттаны вексель ұстаушы берген болса, онда оның сомасы ұсынылуы бойынша мерзімдегі аударма векселдері үшін қойылған бағам бойынша белгіленеді, ол алғашқы вексель бойынша төлем төленетін жердегі жауапты адамның тұрған жерінде беріледі. Егер кері траттаны индоссант берген болса, онда оның сомасы ұсынылуы бойынша мерзімдегі аударым векселдер үшін қойылған бағам бойынша белгіленеді, ол кері тратта бойынша вексель берушінің тұратын жеріндегі кепіл болған адамның тұрған жерінде беріледі.

### **52-бап**

Ұсынылу мерзімінде немесе ұсынылғаннан кейін белгілі бір уақытта төленетін аударым векселін ұсыну үшін;

акцептемеу немесе төлем төлемеу наразылығын жүзеге асыру үшін;

«шығынсыз айналым» деген ескертпесі болған жағдайда, төлемге ұсыну үшін, белгіленген мерзім өткен соң вексель ұстаушы индоссанттарға қарсы, вексель берушіге қарсы және, акцептантты қоспағанда, басқа міндетті тұлғаларға қарсы өзінің құқықтарын жоғалтады.

Вексель берушімен келісілген мерзімде акцептке ұсынылмаған жағдайда, вексель ұстаушы төлем жасамаудың салдарынан, сондай-ақ егер вексель беруші акцепт үшін жауапкершіліктен өзін босатуды көздегендіктен ғана қоятын шартының мазмұнынан туындамаса, акцептемегеннің салдарынан өзіне тиісті құқықтарынан айырылады.

Егер индоссаментте ұсынылу мерзімі келісілсе, оған тек индоссант қана сілтеме жасай алады.

### **53-бап**

Егер аударым векселін ұсынуға немесе белгіленген мерзімде наразылық жасауға бой бермейтін бөгет кедергі болған жағдайда (қайсы бір мемлекеттің заң өкімдері немесе жеңуге болмайтын басқа да күштер болған жағдайда) бұл мерзімдер ұзартылады.

Вексель ұстаушы өзінің индоссантын кедергі жасайтын күштер жайы туралы кідіріссіз хабарлауға және аударым векселіне немесе аллонжға осы хабарлама туралы, оның күнін және өзінің қолын қоя отырып белгі салуға міндетті; басқаларына [44-баптың](#) ережесі қолданылады.

Кедергі жасайтын күштердің әрекеті тоқтағаннан кейін вексель ұстаушы вексельді акцептеуге немесе төлем жасауға кідіріссіз ұсынуға, егер қажет болса, наразылық жасауға тиіс.

Егер төлем жасалған мерзімнен кейін кедергі жасайтын күштердің әрекеті отыз күннен аса уақыт жалғасатын болса, онда регресті жүзеге асыру үшін вексельді ұсыну да, наразылық жасау да қажетті болып табылмайды.

Ұсынылу мерзімі немесе ұсынылғаннан кейінгі белгілі бір уақыт көрсетілген аударым вексельдері үшін отыз күндік мерзім вексель ұстаушы кедергі жасайтын күштер жайында

өзінің индоссантына хабарлаған күннен бастап өте бастайды; бұл хабарлау вексельді ұсыну үшін белгіленген мерзім өткенге дейін де жасалатын болады; ұсынылғаннан кейінгі белгілі бір уақыттағы аударым вексельдері үшін отыз күн аударым векселінде көрсетілген ұсыну мерзіміне ұзартылады.

Вексель ұстаушыға немесе оны вексель ұсынуды немесе наразылық жасауды тапсырғандарына тікелей қатысты жағдайлар кедергі жасайтын күш болып саналмайды.

## **8-тарау. Делдалдық туралы**

### **1. Жалпы ережелер**

#### **54-бап**

Вексель беруші, индоссант немесе авалшы қажет болатын жағдайда акцепт немесе төлем үшін қандай да бір тұлғаны көрсете алады.

Аударым векселін регресс тәртібімен міндетті борышкерлердің әлдебірі үшін делдал ретінде әрекет етуші тұлға төменде белгіленген шарттарда қабылдауы және төлеуі мүмкін.

Акцептантты қоспағанда, үшінші тұлға, тіпті төлемші немесе аударым векселі бойынша міндетті қандай да бір тұлға делдал болуы мүмкін.

Делдал өзінің кім үшін делдалдық жасайтыны жөнінде екі жұмыс күні ішінде хабарлауға тиіс. Осы мерзімді сақтамаған жағдайда ол өзінің ұқыпсыздығынан келген зиян үшін тиісті жағдайларда жауап береді, алайда шығын вексель сомасынан аспайтын мөлшерде өтелуге тиіс.

### **2. Делдалдық тәртібімен акцепт жасау**

#### **55-бап**

Вексель ұстаушының акцептелуге тиіс аударым векселінде төлем мерзімі басталғанға дейін регреске құқығы туындайтын барлық жағдайларда делдалдық тәртібімен акцепт жасау орын алуы мүмкін.

Егер аударым векселінде, қажетіне қарай, төлем орнында акцепт үшін немесе төлем үшін тұлға көрсетілсе, онда вексель ұстаушы төлем мерзімі басталғанға дейін өзінің регрестік құқығын осындай нұсқауды берушіге қарсы және осы нұсқау берілгеннен кейін қолдарын қойған адамдарға қарсы, бірақ мұның бәрі ол аударма векселін аталған тұлғаға ұсынған және соңғысы акцептен бас тартқан ретте бұл қарсылық наразылық білдірумен куәландырылған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

Делдалдықтың басқа жағдайларында вексель ұстаушы делдалдық тәртібімен акцепт жасауды қабылдамай тастауы мүмкін. Алайда, егер ол акцепт жасауға жол берсе, акцепт кімнің есебінен берілсе, соған қарсы және одан кейін қол қойған тұлғаларға қарсы төлем мерзімі жеткенге дейінгі регресс құқығын жоғалтады.

#### **56-бап**

Делдалдық тәртібімен акцепт жасау аударым векселінде белгіленеді; акцептке делдал қол қояды. Онда ол кімнің есебінен жасалғандығы көрсетіледі; мұндай көрсету жоқ болса, акцепт вексель беруші үшін жасалған деп есептеледі.

#### **57-бап**

Делдалдық тәртібімен акцептант вексель ұстаушыға қатысты және өзі соның есебіне делдал ретінде әрекет еткен тұлғадан кейін осы тұлғамен бірдей негіздерде жазбалар жазған индоссанттарға қатысты міндеттенеді.

Делдалдық тәртібімен акцепт жасалуына қарамастан, өз есебінен акцепт жасалған тұлға, сондай-ақ ол үшін жауапты тұлғалар вексель ұстаушыдан [47-бапта](#) аталған соманы төлеуге қарсы вексельдің, наразылық білдірудің және тиісті жағдайда төлем төленгені туралы қолхатпен бірге шотты тапсыруды талап ете алады.

### 3. Делдалдық тәртібімен төлем төлеу

#### 58-бап

Делдалдық тәртібімен төлем төлеу төлем мерзімі басталған кезде, не төлем мерзімі басталғанға дейін вексель ұстаушыда регреске құқық пайда болған барлық жағдайларда орын алуы мүмкін:

Төлем кімге төлем жүргізілсе, соған төленуге тиісті барлық соманы жабуы тиіс.

Ол ең кем дегенде төлемсіздікке наразылық жасау үшін берілген соңғы күннен кейінгі келесі күні жасалуы тиіс.

#### 59-бап

Егер аударым векселі төлем төлеу орнында өзінің тұрғылықты жері бар делдалдармен акцептелсе, немесе, егер онда өзінің тұрғылықты жері бар тұлғалар төлем үшін қажет болар деп көрсетілген жағдайда, вексель ұстаушы вексельді осы тұлғалардың бәріне ұсынуы және тиісті жағдайларда наразылық жасау үшін берілген соңғы күннен кейін ең кем дегенде келесі күні төлемсіздікке наразылық жасауы тиіс.

Егер наразылық бұл мерзімде жасалмаса, онда төлем үшін керек болар деп көрсетілген тұлға немесе өз есебінен вексель акцептіленген тұлға сондай-ақ келесі индоссанттар міндетті болуларын тоқтатады.

#### 60-бап

Делдалдық тәртібімен төлем төлеуден бас тартқан вексель ұстаушы жауапкершіліктен босатылғандарға қарсы регреске өз құқығын жоғалтады.

#### 61-бап

Делдалдық тәртібімен төлем төлеу аударым векселінде қолхатпен, төлем жасалған тұлға көрсетіле отырып, куәландырылуға тиіс. Мұндай нұсқау жоқ болған жағдайда, төлем вексель беруші үшін жасалған деп есептеледі.

Аударым векселі мен наразылық білдіру, егер мұндай жасалса, делдалдық тәртібімен төлем жасаушыға табысталуы тиіс.

#### 62-бап

Делдалдық тәртібімен төлем жасаған тұлға өзі кім үшін төлесе, соған қарсы аударым векселі бойынша осы соңғының алдында міндетті болатындарға қарсы аударым векселінен туындайтын құқыққа ие болады. Алайда ол аударым векселін қайта индоссаттай алмайды.

Аударым векселіне өз қолын қойған және өзі үшін төлем жасалған тұлғадан кейінгі тұрған индоссанттар жауапкершіліктен босатылады.

Делдалдық тәртібімен төлеу туралы бірнеше ұсыныс бәсекеге түскен жағдайда қайсысы жауапкершіліктен адам санын барынша көп босатса, соған артықшылық беріледі. Осы ережені бұзып отырғандығын білетін делдал жауапкершіліктен босатылатындарға қатысты регреске өз құқығын жоғалтады.

### 9-тарау. Даналарының көптігі туралы және көшірмелер туралы

## 1. Даналарының көптігі

### 63-бап

Аударым векселі бірнеше бара-бар даналармен берілуі мүмкін.

Бұл даналар құжат мәтінінің өзінде ретімен келетін нөмірлермен жабдықталуға тиіс; олай болмаған жағдайда даналардың әрқайсысы жеке аударым векселі ретінде қаралады.

Егер вексельде оның жалғыз данамен берілгендігі көрсетілмесе, онда вексель ұстаушы өз есебінен оған бірнеше дана берілуін талап ете алады. Бұл үшін ол тікелей өзінің индоссантына өтініш жасай алады, ол оған өз индоссантына және т.т. қатысты вексель берушіге дейін жеткенше жәрдем көрсетуге міндетті. Индоссанттар индоссаменттерді жаңа даналарда көбейтуге міндетті.

### 64-бап

Бір-бір данадан жасалған төлем бұл төлем тіпті басқа даналарды өтейді деп көрсетілмесе де, жауапкершіліктен босатады. Алайда төлемші өзі акцепт жасаған және оған қайтарылмаған дана бойынша жауап бере береді.

Түрлі тұлғаларға даналар берген индоссант, сондай-ақ келесі индоссанттар да қолдары қойылған және қайтарылмаған барлық даналар бойынша міндетті болады.

### 65-бап

Акцепт үшін даналардың біреуін жіберген тұлға қолында осы дана бар тұлғаның атауын басқа даналарда көрсетуі тиіс. Бұл соңғы тұлға оны басқа дананы заңды ұстаушыға табыс етуге міндетті.

Егер ол мұны жасаудан бас тартатын болса, вексель ұстаушы оған наразылық білдіріп:

1) акцепт үшін жіберілген дана оның талап етуіне қарамастан, оған берілмегенін;

2) акцептің немесе төлемнің басқа дана бойынша алынуы мүмкін еместігін куәландырғаннан кейін ғана талап қою құқығын жүзеге асыра алады.

## 2. Көшірмелер

### 66-бап

Аударым векселін ұстаушының әрбірінің одан көшірме алуға құқығы бар. Көшірме индоссаменттерімен және онда бар барлық басқа белгілермен бірге түпнұсқамен дәлме-дәл жасалуға тиіс. Онда қай жерге дейін түсірілгені көрсетілуге тиіс.

Көшірменің де түпнұсқадағы сияқты тәртіппен және сондай ретпен индоссатталуы және авальдануы мүмкін.

### 67-бап

Көшірмеде қолында түпнұсқа құжат бар тұлға көрсетілуге тиіс. Ол тұлға аталған құжатты көшірменің заңды ұстаушысына табыс етуге міндетті.

Егер ол мұны жасаудан бас тартса, вексель ұстаушы оның талап еткеніне қарамастан түпнұсқаның оған берілмегені наразылықпен куәландырылғаннан кейін ғана индоссанттарға немесе авальшыларға қарсы регресс құқығын жүзеге асыра алады.

Егер түпнұсқа құжатта көшірмесі түсірілгенге дейін жасалған соңғы индоссаменттен кейін: «осы жерден бастап индоссаттау тек көшірмеде ғана жарамды» деген ескертпе болса немесе қандай да бір өзге де кез келген осыған тең келетін тұжырым болса, онда осыдан кейін түпнұсқаға қойылған индоссамент жарамсыз болып табылады.

### 10-тарау. Өзгерістер туралы

### **68-бап**

Аударым векселінің мәтіні өзгерген жағдайда, осы өзгерістен кейін қол қойған тұлғалар өзгерген мәтіннің мазмұнына сәйкес жауап береді; осы өзгеріске дейін қол қойған тұлғалар бастапқы мәтіннің мазмұнына сәйкес жауап береді.

## **11-тарау. Мерзімі өткені туралы**

### **69-бап**

Акцептантқа қарсы аударым векселінен туындайтын талап-арыздар төлем мерзімінен үш жыл өткен соң өтеледі.

Вексель ұстаушының индоссантқа қарсы және вексель берушіге қарсы талап-арыздары белгіленген мерзімінде жасалған наразылық білдірген күннен бастап бір жыл өткен соң немесе шығынсыз айналым туралы ескертілген жағдайда төлем мерзімі күнінен бастап өтеледі.

Индоссанттардың бір-біріне және вексель берушіге талап-арыздары индоссант вексель төлеген күннен бастап немесе оған талап қойылған күннен бастап, алты ай өткен соң өтеледі.

Талап ету құқығын жоғалтқан жағдайда немесе талап етудің мерзімі өтіп кеткенде өтеуді қамтамасыз етпеген вексель берушіге қарсы немесе жөнсіз байып кеткен вексель берушіге не индоссантқа қарсы, не өтеуі қамтамасыз етілген немесе жөнсіз байып кеткен акцептантқа қарсы талап ету құқығы сақталады.

Талап ету мерзімінің өтуі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тоқтатылуы мүмкін.

### **70-бап**

Мерзімі өтіп кеткен үзілістің тек мерзімі өтуін тоқтатуға іс-қимыл жасалған адамға ғана қатысты күші болады.

## **12-тарау. Жалпы қаулылар**

### **71-бап**

Белгіленген мерзімі заң бойынша жұмыс істелмейтін күнге тап келген аударым векселі бойынша төлем тек келесі жұмыс күнінде ғана талап етілуі мүмкін. Аударым векселіне, атап айтқанда, акцептке және наразылық білдіруге қатысты барлық басқа іс-әрекеттер бірдей дәрежеде тек жұмыс күні орындалуы мүмкін.

Егер бұл іс-әрекеттердің қайсы бірі соңғы күні белгіленген заң бойынша жұмыс істелмейтін күн болып табылатын белгілі бір мерзім ішінде жасалса, онда мерзім өткеннен кейінгі ең таяу жұмыс күніне дейін мұндай мерзім ұзартылады. Мерзім ішінде тап келетін жұмыс істелмейтін күндер мерзімнің есебіне жатады.

Жұмыс істелмейтін күндерге Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жұмыс күні емес деп танылған жұмыс күндері жатады.

### **72-бап**

Заңмен немесе вексельде белгіленген мерзімге сол мерзімнің басталған күні қосылмайды.

### **73-бап**

Ешқандай жеңілдікті күндерге заң бойынша да, сот бойынша да жол берілмейді.

### 13-тарау. Жай вексель туралы

#### 74-бап

Жай вексель мыналардан тұрады:

- 1) мәтіннің өзіне енгізілген және осы құжат жасалған тілдегі «вексель» атауы;
- 2) белгілі бір ақша сомасын төлеуге ештеңемен шарттастырылмаған уәде;
- 3) төлем мерзімінің көрсетілуі;
- 4) төлем жасалуы тиіс орынның көрсетілуі;
- 5) кімге немесе кімнің бұйрығымен төлем жасалуы тиіс тұлғаның атауы;
- 6) вексельдің жасалған күні мен орнының көрсетілуі;
- 7) құжатты берушінің (вексель берушінің) қойған қолы.

#### 75-бап

Алдыңғы бапта көрсетілгендердің қандай болса да бірі жоқ құжат, төмендегі абзацтарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, жай вексельдің күшіне ие бола алмайды.

Төлем мерзімі көрсетілмеген жай вексель ұсыну бойынша төленуге тиісті вексель ретінде қарастырылады.

Ерекше нұсқау болмаған жағдайда, құжат жасалған жер төлем төленетін жер және сонымен бірге вексель берушінің тұрғылықты жері деп есептеледі.

Жасалған жері көрсетілмеген жай вексель - вексель берушінің атауымен қатар көрсетілген жерде қол қойылған деп қарастырылады.

#### 76-бап

Жай вексельге, бұл құжаттың табиғатына қайшы келмейтіндіктен, аударым векселіне қатысты және:

индоссаментке ([10-19-баптар](#));

төлем мерзіміне ([32-36-баптар](#));

төлемге ([37-41-баптар](#));

акцептемеген немесе төлем төлемеген жағдайда талап қоюға ([42-49](#), [51-53-баптар](#));

делдалдық тәртібімен төлем төлеуге ([54](#), [58-62-баптар](#));

көшірмелерге ([66](#), [67-баптар](#));

өзгерістерге ([68-бап](#));

мерзімі өтуге ([69](#), [70-баптар](#));

жұмыс істелмейтін күндерге, мерзімдерді есептеуге және жеңілдік берілген күндерге тыйым салуға ([71](#), [72](#), [73-баптар](#)) қатысты қаулылар қолданылады.

Жай вексельге сондай-ақ үшінші тұлғада немесе төлеушінің тұрғылықты жерінен өзге жерде төленуге жататын аударым векселіне ([4](#) және [26-баптар](#)), проценттер туралы шартқа ([5-бап](#)), төленуге тиісті соманы жазудағы келіспеушіліктерге ([6-бап](#)), [7-бапта](#) көзделген шарттармен қол қоюдың қандайын болса да орналастырудың салдарына, өкілетсіз іс-қимыл жасайтын немесе өз өкілеттігін асыра пайдаланатын тұлғаның қойған қолының салдарына ([8-бап](#)) қатысты қаулылар қолданылады.

Дәл осылай жай вексельге авальға қатысты қаулылар қолданылады ([29-31-баптар](#)); [30-баптың](#) соңғы абзацында көзделген жағдайда, егер авальда оның кім үшін қойылғаны көрсетілмесе, онда ол жай вексель бойынша вексель беруші үшін қойылған деп есептеледі.

#### 77-бап

Жай вексель бойынша вексель беруші де, аударым векселі бойынша акцептант сияқты міндетті.

Ұсынылғаннан кейін белгілі бір уақыт мерзіміндегі жай вексельдер 22-бапта көрсетілген мерзімде белгі қоюы үшін вексель берушіге ұсынылуға тиіс. Ұсынылғаннан бастап есептелетін мерзім вексель беруші вексельге белгі қойған күннен басталады. Вексель берушінің күні көрсетілген белгіні қоюдан бас тартуы наразылық білдірумен куәландырылады (24-бап), ол күн ұсынылғаннан бастап есептелетін мерзімнің басталуы болады.

## II бөлім.

### Қазақстан Республикасындағы вексель айналысының тәртібі

#### 14-тарау. Жалпы ережелер

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-ІІ Заңымен 78-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2013.03.07. № 121-V ҚР Заңымен 78-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 168-VІ ҚР Заңымен 78-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

##### 78-бап

Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы - Қазақстан Республикасының аумағында жай және аударым коммерциялық вексельдерін шығаруға, вексельдер, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде шығарылғандары бойынша талап ету құқығын басқаға беруге, осындай вексельдер мен оларға байланысты операциялар жөніндегі міндеттемелерді орындауға, оларды есеп кеңселерінің есепке алуына сондай-ақ Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының жай және аударым вексельдерін шығаруына байланысты қалыптасатын қатынастар жиынтығы.

Орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жай және аударым вексельдерін шығарады.

*2013.03.07. № 121-V ҚР Заңымен 79-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2025.30.06. № 205-VІІІ ҚР Заңымен 79-бап өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

##### 79-бап

Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы жөніндегі қатынастар Женева вексель конвенцияларымен, сондай-ақ осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соларға сәйкес шығарылған нормативтік құқықтық актілерінен тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес вексель айналысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қабылдайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тізбесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде айқындалады.

*ҚР 24.12.01 ж. № 276-ІІ; 09.07.03 ж. № 482-ІІ Заңдарымен 80-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2013.03.07. № 121-V ҚР Заңымен 80-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

##### 80-бап

Вексельдік міндеттеме вексель берушінің тиісті дәрежеде ресімделген вексельді берген кезінен бастап пайда болады. Коммерциялық вексель сатып алу-сату, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету (қаржылық қызметтер көрсетуді қоспағанда) шарттары бойынша төлемді кейінге қалдыру үшін беріледі.

Егер вексель осы Заңның 1 - 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес жасалса, вексельдік міндеттеменің күші болады.

### **81-бап**

Аллонж вексельмен бірге бірыңғай құжат болып саналады.

Аллонжда аллонждың нақты бір вексельге тиесілігін даусыз анықтауға мүмкіндік беретін жазба болуға тиіс. Аллонж вексельге индоссамент вексельдің өзінде басталып, аллонжда аяқталатындай болып тіркеулі мүмкін.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-ІІ Заңымен (бұрынғы ред. қара); 2018.02.07. № 168-VІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 82-бап өзгертілді*

### **82-бап**

Вексель сомасын онда жазылған ақша сомасы құрайды. Вексель сомасына онда көрсетілген проценттер, вексель бойынша операциялармен байланысты өсім және басқа шығындар қосылмайды.

Қазақстан Республикасының аумағында берілген вексель валютасы теңге болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен операциялар бойынша шығарған, шетел валютасындағы вексельдің айналысына жол беріледі.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-ІІ Заңымен 83-бап жаңа редакцияда (бұрынғы ред. қара)*

### **83-бап**

Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар тиісті лицензиясы болған кезде, вексельдермен операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асыруға:

- вексельдерді инкассоға қабылдауға;
- төлем жасаушының вексельдерді төлеуі бойынша қызмет көрсетуге;
- домицильдендірілген вексельдерді төлеуге;
- делдалдық тәртіппен вексельдердің акцептін жасауға құқылы.

Вексельдерді есепке алу жөніндегі операцияларды есеп кеңселері ғана жүзеге асырады.

Банктер ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдіктер беруге лицензиясы болғанда ғана вексельдерді авальдауға құқылы.

*ҚР 24.12.01 ж. № 276-ІІІ Заңымен 83-1-баппен толықтырылды; ҚР 09.07.03 ж. № 482-ІІ Заңымен 83-1-бап жаңа редакцияда (бұрынғы ред. қара); 2005.08.05. № 69-ІІІ ҚР Заңымен 83-1-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

### **83-1-бап**

Вексельдер Қазақстан Республикасының аумағында жай қағазға және вексель қағазына шығарылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағаздарының қорғалу дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Вексельді вексель қағазына шығарған жағдайда мұндай вексельдің мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылуға тиіс. Басқа шет тілдерді қосымша пайдалануға жол беріледі.

## **15-тарау. Вексельдің төлем және несие беру құралы ретінде атқаратын қызметтері**

### **84-бап**

Заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында өзара есеп айырысуларда, мұның өзі тиісті шартта көзделген және осы Заңға қайшы келмейтін жағдайларда, жай және аударым векселін пайдалануға құқылы.

Есеп кеңселері арқылы вексельдермен есеп айырысу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Инкассоға қабылданған вексельдерді байланыс мекемелерінің жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша шығарылған Қазақстан Республикасының уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен және байланыс мекемесі мен есеп кеңсесінің арасындағы шартпен белгіленеді.

**85-бап.** ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен алып тасталды (*бұрынғы ред. қара*)

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 (бұр.ред. қара); 2005.08.05. № 69-III (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 86-бап өзгертілді*

#### **86-бап**

Есеп кеңселерінің вексель ұсынушыға вексель сомасын төлей отырып төлем мерзімі жеткенге дейін индоссамент бойынша вексельдер қабылдауы вексельдерді есепке алу деп аталады. Есеп кеңсесі вексель сомасынан есеп кеңсесі өз бетінше белгілеген дисконт ұстап қалуға құқылы.

Вексельдерді есепке алу тәртібі, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың вексельдермен операцияларды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

**87-бап.** ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен алып тасталды (*бұрынғы ред. қара*)

#### **88-бап**

Вексельде төлемші ретінде көрсетілген тұлға мен вексель беруші төлемшіден қандай да бір міндеттеменің орындалуын талап ету құқығына ие болатындай қатынастарды вексель берушінің белгілеуі вексельді жабу деп түсініледі. Бұл орайда мұндай міндеттеменің сомасы вексель бойынша төлем сомасынан төлем болмауға тиіс.

Вексель ұстаушының вексель берушіден вексельді жабуды талап етуге құқығы бар. Вексель беруші вексельді жабуды төлем мерзімінде қамтамасыз етуге міндетті.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен 89-бап өзгертілді (бұрынғы ред. қара)*

#### **89-бап**

Аккредитив төлемінің, банк заемының қайтарылуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен вексельді кепілге беру жолымен жүзеге асырылады. Вексельді кепілге беру индоссаментті ресімдеуге қойылатын талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Қалған жағдайларда вексельді кепілге беруге жол берілмейді.

Вексельдің кепілге берілуі және мұндай мәмілелерді тіркеу Қазақстан Республикасының аумағында тиісті есеп кеңселері арқылы жүргізіледі.

### **16-тарау. Қазақстан Республикасы резидент еместерінің вексель айналысы.**

#### **Шетел валютасындағы вексельдермен жүргізілетін операциялар**

#### **90-бап**

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резидент еместері берген вексель айналысы Қазақстан Республикасының вексель заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының резиденті қабылдаған вексельдік міндеттеме Қазақстан Республикасының аумағында, Қазақстан Республикасының вексельдік заңдарымен қойылған барлық талаптар сақталған жағдайда ғана жарамды болады.

### **91-бап**

Вексель валютасының бағамы төлемшіге қызмет көрсететін не вексельді есепке алған есеп кеңсесі белгілеген осындай валюта бағамына сәйкес анықталады.

### **92-бап**

Римессаны Қазақстан Республикасының резидент емесімен өзара есеп айырылысуларда валюталық операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар есеп кеңсесі ғана пайдалана алады.

## **16-1-тарау. Алып тасталды ([бұр.ред. қара](#))**

## **17-тарау. Вексельдік заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен [93-бап жаңа редакцияда](#) ([бұр.ред.қара](#))*

### **93-бап**

Вексель бойынша акцепт бермеу немесе төлем жасамау туралы наразылықты нотариус өзіне вексель берілген кезден бастап бір жұмыс күні ішінде оған тиісті жазба жасау және акцепт бермеу немесе төлем жасамау фактісін куәландыратын жазбаша акт жазу арқылы жасайды.

Акцептің күні қойылмауына наразылық вексельге акцепт бермеуге наразылық жасау үшін белгіленген тәртіппен және мерзімде жасалуға тиіс.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен [94-бап өзгертілді](#) ([бұрынғы ред. қара](#))*

### **94-бап**

Вексель бойынша төлем жасаушының мүлкін өндіріп алу сот бұйрығы немесе сот шешімі негізінде ғана жүргізіледі.

Вексель жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, вексельді беруге негіз болған шарттың ережелерін сот қарауға құқылы емес.

Осы Заңның [1](#) және [74-баптарында](#) белгіленген талаптар бұзыла отырып вексель жасалған жағдайларда, вексель жарамсыз деп танылады. Жарамсыз векселдерден туындайтын міндеттемелер бойынша дау туған жағдайда осы баптың екінші абзацында көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді бұзу туралы іс ретінде қаралады.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен [95-бап өзгертілді](#) ([бұрынғы ред. қара](#))*

### **95-бап**

Қазақстан Республикасының аумағында достық, қола және қаржы вексельдерін шығаруға тыйым салынады.

Достық немесе қола векселі бойынша төлем жасамау тәуекелін достық немесе қола векселін ұсынушы вексель ұстаушы мойнына алады.

Заңды және жеке тұлғалар тиісті құқық қорғау органдарына қола вексельді ұсыну фактілері туралы кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Достық, қола немесе қаржы векселін шығаруға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 Заңымен [96-бап өзгертілді](#) ([бұр.ред. қара](#))*

### **96-бап**

Вексельді жоғалту тәуекелін вексель ұстаушы көтереді. Вексель беруші жоғалған вексельді беруді мойындаған жағдайларды қоспағанда, вексель ұстаушының вексельді жоғалтуы ол бойынша талап ету құқығын жоғалтуға әкеп соқтырады. Жоғалған вексель

бойынша төлем жасау ол бойынша талап ету құқығы сот тәртібімен қалпына келтірілген кезде де жүргізілуі мүмкін.

Жоғалған вексель бойынша құқығын қалпына келтіру жөніндегі өтінішті Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен сот қарайды.

Жоғалғанның орнына вексель берілуі және вексельдегі берілім жазбасының қайта қалпына келтірілуі оны жоғалтқаны вексель ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Вексельді жеткізіп беруге міндеттенген адам оны жөнелтуге қабылдаған сәттен бастап, адресатқа табыс еткенге дейін жоғалтса ғана ол үшін жауап береді. Ол вексельді жоғалтқан жағдайда жоғалған вексельді инкассациялау бойынша операциялар орындаған вексель ұстаушыға не есеп кеңесіне осындай вексель бойынша құқықтарды қалпына келтірумен байланысты барлық шығыстардың орнын толтыруға міндетті.

**97-бап.** ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

**18-тарау.** ҚР 09.07.03 ж. № 482-11 [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

**Н. Назарбаев**